

**«Келісемін»**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университетінің I Вице-президенті  
Женгиз Томар

«12 » 06 2020 ж.

**«Бекітемін»**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университетінің президенті  
Абдусалом Абдасилов

«12 » 06 2020 ж.



## **САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ**

### **КЕҢЕС ЕРЕЖЕСІ**

**KE-CMJ-001-2020**

### **БАСҚАРУ КЕҢЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІ**

#### **АЛҒЫ СӨЗ**

1. Басқару Кеңесімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕҢГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер
  - Кеңес хатшысы М.Асанова
3. Келісілді
  - Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент  
Ә. Умбетов
  - Фылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент  
К. Беркимбаев
  - Әлеуметтік қолдау және тәрбие істері жөнінен вице-президент Ә.Абуов
  - Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент Ш.Есимова
  - Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент Пусат Пилтен
  - Шаруашылық істері жөніндегі вице-президент Н.Батырбаев
  - Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы F.Мұсаханов
  - Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев
4. Енгізілді
  - 2020 жыл
5. Тексеру мерзімі
  - 2022 жыл

**Қызмет бабында пайдаланатын басылым**

**Түркістан – 2020**

<i>Қоюса Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>KE-CMJ-001-2020</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Кенес Ережесі</i>	
<i>Басқару Кеңесінің Ережесі</i>		<i>9 беттін 2 -беті</i>

## **МАЗМҰНЫ**

- 1 Қолданылу саласы
- 2 Нормативтік сілтемелер
- 3 Атаулар, анықтамалар және қыскартулар
- 4 Жалпы ережелер
- 5 Негізгі қызметтер мен міндеттер
- 6 Басқару Кеңесін дайындау және өткізу, шешім қабылдау тәртібі
- 7 Басқару Кеңесі төрағасының міндеттері мен құқықтары
- 8 Басқару Кеңесі хатшысының міндеттері мен құқықтары
- 9 Жауапкершілік және өкілеттілік
- 10 Өзгерістерді енгізу тәртібі
- 11 Келісу, сақтау және тарату
- 12 Қосымшалар

<i>Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік университеті</i>	<i>KE-CМЖ-001-2020</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Кеңес Ережесі</i>
<i>Басқару Кеңесінің Ережесі</i>	<i>9 беттің 3 -беті</i>

## **1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

1.1 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік университетінің Басқару Кеңесі (бұдан былай – Кеңес) Ережесі әкімшілік мәселелерде ректордың көмекші органы болу мақсатында әзірленген және мәжілістерін өткізу, оның құрамын құру және оның өкілеттігін жүзеге асыру шарттары мен тәртібін белгілейді.

1.2 Бұл Ереже университет Жарғысы тағайындаған қызметтегі өкілдерімен пайдаланылуы тиіс.

1.3 Осы Ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік университеті Басқару Кеңесінің негізгі құжаты болып табылады.

1.4 Бұл Ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік университетінің 2020 жылғы 10 маусымдағы кезектен тыс Сенат мәжілісінде университет Жарғысы негізінде бекітіліп, іске қосылды (№6 хаттама, 10 маусым, 2020ж.).

## **2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Бұл Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалынған:

- Жоғары білім беру үйімінің қызметін үйімдастыру ережелері;
- ҚР Білім және ғылым министрлігінің 27.07.2007 жылғы №319 бүйрүғымен бекітілген «Білім туралы», «Ғылым туралы» ҚР Зандары (04.07.2018 жылғы №171-VI өзгерістері мен толықтыруларымен);
- ҚР Конституциясы;
- Университет Жарғысы;
- Сенат Ережесі;
- ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 Құжаттарды басқару;
- ҚП ХҚТУ-4.2.4-2009 Жазбаларды басқару.

## **3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР**

3.1 Университеттің осы ережесінде тәмендегі атаулар, анықтамалар және қыскартулар колданылады:

Университет - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік университеті;

Кеңес - Басқару Кеңесі;

КЕ – Кеңес ережесі;

СМЖ - Сапа менеджментінің жүйесі;

СРСО - Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығы.

<i>Қоңса Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>КЕ-СМЖ-001-2020</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Кенес Ережесі</i>	
<i>Басқару Кенесінің Ережесі</i>		<i>9 беттің 4 -беті</i>

#### **4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

4.1 Басқару Кенесі өз қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясына, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы және Түрік Республикасы Үкіметтерінің білім беру саласын реттейтін жарлықтарына, басқа да білім беру жүйесін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қаулылары мен шешімдеріне, университет Жарғысы мен Сенат Ережесіне және осы Ережеге сәйкес атқарады.

4.2 Университет Басқару Кенесі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Жарғысына сәйкес университет ректоры мен ректор өкілі (бірінші орынбасары), ректор орынбасарлары және декандардан құралады. Басқару Кенесіне мүшелік мерзімі, тағайындалған тұлғалардың негізгі қызмет мерзімімен шектеледі.

Ректор өкілі ректор қызметін уақытша атқарған кезде университет Басқару Кенесіне тәрағалық етеді. Университет Басқару Кенесі мәжілісінің өтетін күні мен уақытын ректор белгілейді.

4.3. Университет Басқару Кенесінің негізгі мақсаты – әкімшілік мәселелерде ректордың көмекші органы болып саналады.

#### **5. НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕРИ**

5.1. Университет Басқару Кенесі әкімшілік мәселелерде ректордың көмекші органы болып саналады.

5.2 Университет Басқару Кенесінің қызметтері мен міндеттері:

- Өкілетті Кенес пен Сенат шешімдерін жүзеге асыру мақсатында белгіленген жоспарлар мен бағдарламалар бойынша ректорға көмек көрсету;
- Басқару Кенесі жұмысының жоспары Кенес мәжілісінде қаралып, талқыланып өткен соң, университет президенті бекітеді.

5.3 Кенесте қаралатын мәселелер:

- Университет құрамындағы бөлімшелердің ұсыныстарын ескере отырып, инвестициялық бағдарламалар мен бюджет жобасын қарастыру және Сенатқа ұсыну;
- Институт, факультет және колледж Кенестерінің әкімшілік және қаржылық мәселелері бойынша түсken шағымдарды қарастырып, шешім қабылдау;
- Ректорат тарапынан қарауға ұсынылған мәделелер бойынша шешім қабылдау;
- Өкілетті Кенеске жіберілетін құжаттарды қарау, талқылау, Сенатқа ұсыну;

<i>Коңса Ахмет Ясави атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>KE-СМЖ-001-2020</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Кенес Ережесі</i>
<i>Басқару Кенесінің Ережесі</i>	<i>9 беттін 5 -беті</i>

- Басқару Кенесінің жұмысын оку жылына арналған жоспар бойынша жүргізу;
- Университеттің білім беру, ғылыми-зерттеу, тәрбие, шаруашылық жұмыстарының негіздері туралы талқылау, шешім қабылдау;
- Университеттің жылдық оку үдерісінің кестесін қарастырып, бекітуге ұсыну;
- Емтихан жүйесінің негіздерін белгілеу;
- Университеттің ішкі тәртіп негіздері мен ережелерін белгілеу;
- Ректорат тарапынан дайындалған университеттің жұмыс есебін, стратегиялық жоспарын және оның даму көрсеткіші есебін талқылау, Сенатқа ұсыну;
- Университет қызметіне байланысты ережелерде көрсетілген басқа да міндеттер мен қызметтерді атқару;
- Сала бойынша вице-президенттер мен департамент, басқармалар тарапынан жузеге асырылуы тиіс мәселелерге ықпал ету, шешім қабылдау.

## **6. КЕҢЕС МӘЖІЛІСІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ, ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ:**

6.1 Кенес жылына кем дегенде 8 рет қажет болған жағдайда одан көп және кезектен тыс та өткізіледі. Кенес шешімдері университет президентінің бекітуінен кейін күшіне енеді.

6.2 Кенес төрағасының немесе Кенес мүшесінің ұсынысы бойынша мәжілістің күн тәртібі және өткізу мерзімі өзгертиледі.

6.3 Басқару Кенесі мемлекеттік тілде жүргізіледі. Түрік тілінде, т.б тілдерде сұрақтар туындаған жағдайда ілеспе, синхронды аударма жасалады.

6.4 Кенес мәжілісі Кенес мүшелерінің дербес тіркелуінен басталады.

6.5 Кенесте қаралған мәселелер бойынша шешімдер ашық дауыспен қабылданады.

6.6 Жалпы Кенес өткізіліп жатқанда ұялы телефонды, радиотелефонды т.б байланыс күралдарын пайдалануға тыйым салынады.

6.7 Кенеске оку жылына дайындалған бір жылдық жоспар негізінде жауапты тұлғалар тарапынан баяндамалар алдын ала дайындалып, Кенес мүшелеріне таратылады.

## **7. КЕҢЕС ТӨРАҒАСЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ:**

7.1 Кенес төрағасы мәжіліске төрағалық етеді және мәжілісті жүргізіп отырады.

7.2 Кенеске катысты акпараттарды Кенес хатшысынан талап етіп отырады.

7.3 Кенестің күн тәртібін бекітіп, қаралатын мәселелерді Кенес хатшысы арқылы белігілеп, мәжіліске жібереді.

<i>Қоңса Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>КЕ-СМЖ-001-2020</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Кенес Ережесі</i>	
<i>Басқару Кенесінің Ережесі</i>		<i>9 беттін 6 -беті</i>

7.4 Кенес хаттамасы мен шешімдерінің түпнұсқасына қол қояды.

7.5 Негізсіз наразылық немесе тағы да басқа келенсіз себептермен Кенес жұмысына нұксан көлтірген, себепсіз кемінде үш рет мәжіліске қатыспаған Кенес мүшелеріне төраға өз тарапынан ұсыныс жасай отырып, ескерту немесе сөгіс беруге құқылы.

## **8. КЕҢЕС ХАТШЫСЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ:**

8.1 Кенес хатшысы Кенес мүшелерімен бірлікте мәжілісті өткізу және Кенес шешімдерін іске асыру жұмыстарын жүргізді;

8.2 Кенеске қатысты акпараттарды талап ете отырып, университет қызметкерлеріне тікелей тапсырма беруге құқылы;

8.3 Кенес шешімдерінің орындалуын бақылаумен катар, Кенес төрағасына мәлімет беріп отырады;

8.4 Кенес мүшелерін күн тәртібі мен өтетін уақыты туралы алдын ала хабардар етеді.

8.5 Кенес мәжілістеріне шақырады;

8.6 Мәжілісті өткізуді ұйымдастырады;

8.7 Кенес хаттамаларын жүргізді.

8.8 Кенес шешімдерін тиісті құрылымдарға таратады.

## **9 ЖАУАПКЕРШІЛК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК**

9.1 КЕ университет Сенаты мәжілісінде бекітіледі.

9.2 КЕ талаптарының енгізілуіне Кенес хатшысы жауапты болып табылады.

9.3 Университеттің осы ережесі талаптарының орындалуын Кенес төрағасы қадағалайды.

9.4 КЕ жүзеге асыруға Кенес төрағасы, Кенес хатшысы, Кенес мүшелері жауапты болып табылады.

## **10 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕҢГІЗУ ТӘРТІБІ**

10.1 Университеттің осы ережесін басқару және өзгерістер еңгізу КП ХҚТУ-4.2.3-2009 сәйкес жүзеге асады.

10.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс (Қосымша Б).

<i>Қоңға Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>КЕ-СМЖ-001-2020</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Кенес Ережесі</i>	
<i>Басқару Кенесінің Ережесі</i>		<i>9 беттің 7 -беті</i>

## **11 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ**

11.1 Осы университет ережесін талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

11.2 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сактау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Кенес хатшысына жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары келесі адрестер бойынша жіберіледі:

Вице-президенттер, факультет декандары.

11.3 Осы университет ережесінің бақылау данасын Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығында сактау жауапкершілігі СРСО басшысына жүктеледі.

### **КЕЛІСІЛДІ:**

Оку-әдістемелік ісі жөніндегі  
вице-президент

Ө. Умбетов

Ғылыми-зерттеу істері  
жөніндегі вице-президент

К. Беркимбаев

Рухани жаңғыру бағдарламасының  
жетекшісі вице-президент

Ә. Абуов

Академиялық инновация және жоғары білімнен  
кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент

Ш. Есимова

Даму және каржыландыру жөніндегі  
вице-президент

Пусат Пилтен

Шаруашылық істері жөніндегі вице-президент

Н. Батырбаев

Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы

Ғ. Мұсаханов

Стратегиялық жоспарлау,  
рейтинг және сапа орталығының басшысы

Ж. Дарибаев

<i>Қоңса Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>КЕ-СМЖ-001-2020</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Кенес Ережесі</i>
<i>Басқару Кенесінің Ережесі</i>	<i>9 беттін 8 -беті</i>

12 ҚОСЫМШАЛАР

Косымша А

## ТАНЫСУ ПАРАГЫ

Ф-СМБ-004

<i>Коңса Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>KE-СМЖ-001-2020</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Кеңес Ережесі</i>
<i>Басқару Кеңесінің Ережесі</i>	<i>9 беттін 9 -беті</i>

Косымша Б

Ф-СМБ-002

## ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАФЫ